

жазғы бағдарламаға белсенді қатысқан Максотовтар отбасын (Альбина, Аделя және ең кішкентай оқырманымыз Альфина), апалы-сіңлілі Нұрай мен Айзере Сағмалиевалар, Аманжол Әсем, Ғұмар Милана, әжесімен келген Амина Утароваларды ерекше атап өтуге болады.

Кітапхана тек осымен ғана шектеліп қалған жоқ, сондай-ақ қаламыздағы Батыс Қазақстан облыстық «Бәйтерек» мүгедек балалардың қоғамдық бірлестігінде, С.М.Киров атындағы қалалық және демалыс саябағында, «Дарын», «Самал», «Атамекен» демалыс орталықтарында болып, демалушыларға жазғы бағдарлама аясында жаңа әдебиеттермен таныстыру,

түрлі танымдық викториналық ойындар, логикалық сұрақ-жауап ойындары ұйымдастырылды. Оқырмандарымыз артып, келушілер саны көбейді. Бұл атқарылған жұмыстар әлі де жалғасын табады.

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Ғабит Мүсірепов: «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік», - деп кітап оқу жайлы айтқан болатын. Ендеше, өскелен жас ұрпақты кітап оқуға шақырып, дамытып, жетілдіріп терең ойлы, рухани бай болып дамуына баршамыз атсалысайық!

**НИЯЗОВА А.А.,**

*Х. Есенжанов атындағы ОБЖК.*

## Балалық шақтың гүлденген ғаламшары

Шығыс Қазақстан Облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасының оқырмандары үшін дәстүрлі түрде жыл сайы ұйымдастырылатын шараның бірі – Сабантой мерекесі. Бұл маусымдық мереке жазғы демалысқа жиналған балалардың оқу жылын табысты аяқтауымен байланысты.

«Балалық шақтың гүлденген ғаламшары» атты мерекелік шара көңілді флешмобпен басталды. Шараның Көңілді кейіпкерлері кішкентай бүлдіршіндерді жазғы демалыстарымен құттықтап, арнайы дайындалған бекеттерге саяхаттауға шақырды. «Көңілді шеберхана. Веселая мастерская» бекетінде кішкентай оқырмандар өздеріне ұсынылған костюмдерді киіп ертегі кейіпкерлерінің бейнесін сомдады және сөредегі кітаптардан өздерінің қандай ертегіден алынғанын анықтады, арт-студия үйірмесінің «5 чувств» сурет галереясына саяхат жасады. Ал «Summer game fest» бекетінде «Соберись в книжку», «Race», «Лексикалық боулинг», «The Bus» ойындарын ойнау арқылы ағылшын тіліндегі сөздік қорларын тексеріп қана қоймай топпен жұмыс жасау дағдыларын көрсете білді. Ашық аспан астындағы «Ғажайып ән» бекетіне сапарлаған кішкентай бүлдіршіндер караоке partyге ән шырқап, «Әуенді тап!», «Жалғасын тап» ырғақты ойындарға белсене қатысты.

Кітапхана алаңында ұйымдастырылған «Ұлттық ойындар әлемі» бекетіне ерекше қызығушылық танытқан кішкентай бүлдіршіндердің ата-аналары да дойбы, шахмат, тоғызқұмалақ ойындарын балалармен бірге ойнады. Киіз үй тектес жабдықталған алаңқайда қазақтың ұлттық ойындарының тарихы туралы қаламыздағы «Дәстүрге жол» әжелер алқа-

сының мүшелері әңгімелеп қана қоймай «Бес тас», «Арқан тартыс», «Көтермек» ойындарын ойнауға шақырды. Шараға қатысушылар тек қана ұлттық ойындар ойнаумен ғана шектелмей, Өскемен қаласының тұрғыны саяткер Архаттың аңшылық туралы әңгімесін де тыңдады. Бүлдіршіндер, бүркітпен тазыны да тамашалап, саятшылық туралы ақпараттар алды.

Кітапханашылардың әр бір шараны өткізудегі басты мақсаты өскелең ұрпақты кітап оқуға баулу. Осы орайда аталмыш шара аясында жаңадан келіп түскен балаларға арналған кітаптар да назардан тыс қалмады. Сұранысқа ие болған кітаптарға тоқталып өткен қызметкерлер балаларды жаз мезгілінде де кітап оқуға шақырды.

Шараға арнайы өз оқушыларымен келіп қатысқан ұстаз Омарханова Альфия Зарықбайқызы ұйымдастырушыларға балаларға жақсы көңіл-күй сילהандары үшін алғыс білдіріп, ата-аналардың ізгі тілегін жеткізді. Ата-ана Кенжинова Саида өз тарапынан осындай шаралардың балалардың бос уақыттарын пайдалы өткізуде алатын орны ерекше екенін атап айтты. Ал кіп-кішкентай оқырманымыз Мұқтар Медина өзі үшін бүгін ерекше күн болғанын айтып қуанышын жасыра алмады.

Шара соңында балаларға тәттілер таратылып, кітапхананың тұрақты оқырманы ШҚО Білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№49 жалпы білім беретін мектебі» КММ 8 сынып оқушысы Қайсанбек Ислам көпшілікке әсем әнін арнады.

**БУКУЖУКОВА Н.М.,**

*ШҚО БЖК кітапханшысы.*

*Өскемен қаласы.*